

2

Тұрғындар мен туристерге қолайлы орта қалыптасты



3

Мәжілісмен Мұрат немесе мемлекетшіл мінез иесі



Сыр бойы

№50 (21125) 7 сәуір, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады. Президентке агенттік қызметінің негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде баяндалды.

Жанат Әлимановтың айтуынша, бюджет шығыстарына жүргізілген мониторинг кезінде мал шаруашылығы саласына бөлінген 30 миллиард теңге субсидияны тиімсіз пайдалану тәуекелдері анықталған. Сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған 10 миллиард теңгеден астам қаржыны мақсатсыз жұмсау белгілері айқындалды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатын жымқыру фактілері бойынша 14 сотқа дейінгі тергеу басталған, ал құрылыс саласында 5,3 миллиард теңгені заңсыз иемденбеген болған жандарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекет басшысына алаяқтық әрекеттердің алдын алу бойынша 17 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны және банктер мен байланыс операторларының атын жамылып, арнайы құрылғылар арқылы жаппай фишингтік SMS-хабарламалар таратқан топ әшкереленгені жөнінде есеп берілді. Жалпы аудиториясы 25 мыңнан асатын 3,7 мың алаяқтық сайт және 22 топтық чат жабылған. 400-ден

астам жалған құрылыс компаниясының заңсыз түрде бірінші санаттағы лицензия алуына жол берілген жоқ.

Бұдан бөлек, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес саласында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Атап айтқанда, заңсыз схемаларда қолданылған дроп-карталарға қатысты 14 сотқа дейінгі тергеу басталды, олардың есепшотындағы қаржының жалпы айналымы 13 миллиард теңгеден асқан. «Көлеңкедегі» тұлғаларға рәсімделген 68 мыңнан астам карта бұғатталған. Жалған компаниялар мен құжаттарды пайдалану фактілері бойынша 23 іс тіркелген, келтірілген залал – шамамен 13 миллиард теңге. Қаржылық пирамидалар, онлайн-казино және алаяқтықтан түскен табысты жылыстатумен айналысқан 3 жасырын криптоайырбастау қызметінің жолы кесілді. Криптовалюта айырбастауға қатысты заңсыз онлайн-сервистерге кіруге арналған 483 сілтеме жойылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттіктің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӘРБІР КӨРСЕТКІШ МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалу барысы талқыланды. Оған қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент, аумақтық инспекция басшылары қатысты.

2-бет

/// АГРОИНДУСТРИЯ



Фото ашық дереккөзден

КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕГЕ БАТЫЛ ҚАДАМ

Облыста тағы бір тың жобаға түрен түсті. Бұған дейін басылымда жазып өткендей, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданында жүгері дақылын терең өңдеу зауытының іргетасы қаланған болатын. Жылына 150 мың тонна жүгері дақылын терең өңдейтін кәсіпорын алдағы уақытта 550 адамды жұмысқа қабылдайды. Ал мұндай ауқымды инвестициялық жұмыс Жалағашта да көрініс тапқандай. Ауданда «Harvest Agro Holding» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру, қайта өңдеу бойынша агроиндустриялық кластер құрылуда.

Сәл шегініс жасасак, былтыр қазан айында Астана қаласында өткен «Kazakhstan Global Investment Round» (KGIR-2025) форумында Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыс әкімдігі және «Harvest Agro» компаниясы арасында өңірде агроиндустриялық кластер құру үшін ұш-жақты негіздемелік келісімге қол қойылған болатын. Аталған жоба Мемлекет басшысының Сыр еліне жұмыс сапары кезінде де жана

инвестициялық жобалар қатарында таныстырылды.

Осыған орай, былтыр қараша айында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация Швейцарияға арнайы іссапармен барып, «Harvest Group» компаниясының басшысы Алмаз Альсеновпен кездесуде жобаны жүзеге асыру мәселесі пысықталған еді. Нәтижесінде жобаны қолға алуға Жалағаш және Сырдария аудандарынан 22,5 мың жер учаскесі

белгіленді. Жоба екі кезеңмен (2026 және 2027 жылдары) жүзеге асырылады.

– Жобаның қуаттылығы жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері дәні және 20 мың тонна соя дайындауға жетеді. Сондай-ақ 60 мың тонна шикізат өңдейтін және май сығу зауытын іске қосу жоспарланған. 150 адам жұмыспен қамтылады. Бүгінде швейцариялық компанияның Қазақстандағы өкілдігі «АА Агро Қызылорда» ЖШС-ның Жалағаш ауданы әкіміне жазған мемлекеттік меншіктен жер учаскесін алуға деген өтініші де мақұлданған. Былтыр әкімдік қаулысымен 14273 гектар жер телімі табысталды, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы Нұрғас Төлеген.

Жоба аясында Қаракеткен ауы-

лына қарасты «Қараөзек» каналы бойынан су үнемдеу технологияларын пайдалану, оның ішінде жаңбырлатып суару тәсілін қолданып, барлығы 32 мың гектар жердің 8700 гектары егіске дайындалған.

– Жалпы тегістелген жердің 7700 гектарына жүгері егу жоспарлануда. Жобада жоспарланған 143 дана жаңбырлатып суару құрылысының 80-і орнатылса, қалғаны егістік ба-сына толықтай жеткізіліп, құрастырылып жатыр. Мұның бәрі отандық өнім, яғни көршілес Түркістан облысында жасалған. Қуаттылығы 50 гектар жерді суаруға жетеді. Бұдан бөлек, егін алқабына орнатылған жаңбырлатып суару құрылғыларына су жеткізу құбыры және электр тоғын тартуға тиісті жұмыс жүрде, – дейді бөлімнің бас маманы.

2-бет

СӘУЛЕТІНЕ СӘН ҚОСҚАН ҚЫЗЫЛОРДА



Жылдан жылға сәулетіне сән қосқан Қызылорда қаласын жасыл желекке орау – өте ауқымды жұмыс. Көше көркін келтірген гүлзарлар мен бой түзеген ағаштар көздің жауын алады. Қазір Назарбаев даңғылы бойында түрлі-түсті қызғалдақ өсіп тұр. Бұл – тұрғындар мен қала қонақтарына әсерлі көңіл-күй сыйлайтын көрініс. Сыр қызғалдағы былтыр қараша айында тұқымнан егілген. Қыстай жер астында жатып, биыл наурызда гүлдеді.

Бүгінде шаһарды көгалдандыру бағытында жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Жыл басынан тиісті мамандар қызу жұмысқа кірісті. Тынымсыз еңбектің арқасында жазда саябақтар мен демалыс орындары, мекемелер ауласы және көше бойында сәнді де көпжылдық, жергілікті климатқа бейім ағаштар жайқалып, қызылды-жасылды гүлдердің хош иісі аңқиды.

Қала аумағын көгалдандыру және абаттандырумен «ҚазСтройКапитал ЛТД Қызылорда»

ЖШС мекемесі айналысады. Мекемеде 250-ден астам қызметкер жұмыс істесе, 40-тан астам техникасы бар. Бәрі де соңғы үлгідегі техника.

Сондай-ақ автоматты суару жүйесі іске қосылған. Биыл қала аумағына 9 мыңға жуық ағаш көшеті отырғызылады. Мекеме басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары Алтай Мұхановтың айтуынша, ағаш отырғызу, гүл егу жұмыстары қарқынды, күтіп-баптау да тыңғылықты жүргізілуде.



– Жыл басынан жұмысқа кірістік. Ең алдымен сол жағалаудағы «Жастар орталығы» жанынан автоматты суару жүйесі жүргізілді. Сұлтан Бейбарыс көшесіне талдарға орын белгілеп, отырғыза бастадық. Қазір бұл жұмыстар қаланың барлық аумағында жалғасуда. Биыл 8950 тал егіледі деп жоспарлануда, оның

3 мыңы егілді. Сол жағалаудағы Абылай хан даңғылына 2000, Қорқыт ата көшесіне 1000 түп отырғызылды. Одан бөлек газон төсеу, егу жұмысы да қолға алынды. Осы айдан бастап гүлдер де егіледі, – дейді директордың орынбасары.

2-бет

Валюта бағамы:

\$ 470,46 kzt

€ 543,1 kzt

₸ 5,86 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

+18°

+12°

Сәрсенбі

+18°

+10°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӘРБІР КӨРСЕТКІШ МАҢЫЗДЫ



– Кәсіпорындардың толық өндірістік қуатпен жұмыс істеуі, қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуі, инфрақұрылымның қолжетімділігі және дағды өнімнің нарыққа өткізілуі мұқият бақылауда болуы тиіс. Аймақ экономикасына тиімді үлес қосатын өндіріс бағыттарын дамыту және іске қосу шараларын ұйымдастырыңыздар.

Құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сай орындалып, нысандардың белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі қадағаланып. Облыстық құрылыс басқармасы қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, қалыптасқан оң динамиканы сақтау үшін жұмысты жалғастырсын.

1-бет

Егін науқанына дайындық күнделікті тексеріліп, көктемгі дала жұмыстары келергісіз, сапалы және уақытылы жүргізілуі тиіс. Ұйымдастырушылық шаралардың барлығы уақытылы іске асырылып, жұмыс барысы тұрақты бақылауда болуы керек, – деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, рейдтерді тұрақты жүргізу, жұмыссыздық деңгейін төмендетуде тиісті шаралар қабылдау, салық базасын ұлғайту, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы іс-шараларды жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен нашарқорлық профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі облыстық ведомстволық штаб отырысы өтті. Күн тәртібінде 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылу барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейтуге қатысты нақты тапсырмалар берген болатын. Осы жұмыстарды үйлестіріп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кейінгі төрт жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 17,7 млрд теңге қаржы бөлінді, заманауи құралдар алынды. Өндіріс барлық ауданындағы полиция бөлімдерінде жедел басқару орталықтары ашылды.

Аймақ басшысы есірткіге қарсы кешенді іс-шараларды тиімді жүзеге асыруды тапсырды. – Әлеуметтік желілердегі синтетикалық есірткі жарнамасын толық тоқтату үшін нақты бағыттарды анықтау, профилактика, жедел іздеу, жасанды интеллектті қолдану арқылы «Кибернадзор» жүйесінің тиімділігін арттыру керек.

Есірткі алқаптарын анықтауда жүйелі жұмыс жүргізіп, оларды жоюды ұйымдастырыңыздар, – деді облыс әкімі.

Штаб отырысында білім беру ұйымдарына жұмысқа адам қабылдағанда азаматтардың нашарқорлық тәуекелдеріне бейімділігін анықтау үшін нақты ұсыныстар енгізу, әлеуметтік жағынан осал отбасынан шыққан оқушылардың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу міндеттелді.

Мәдениет, спорт және сауда нысандарындағы LED-экрандарда нашарқорлықтың зияны, синтетикалық есірткінің қауіпті туралы жастарға, орта буынға арналған ескерту роликтерін тұрақты көрсету тапсырылды.

Отырыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов баяндама жасады.

МАҚСАТ – ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, ЖҮЙЕНІ ЖЕТІЛДІРУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін басшыларды жауапкершілікке тарту, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау бағытында атқарылған шаралар, мемлекеттік сағып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтығы қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, әрбір деректі қосымша талдау керек. Тәртіптік жауапкершілікті қараудың бірыңғай алгоритмін әзірлеп, мерзімнің сақталуын тұрақты бақылауға алыңыздар. Біздің мақсатымыз – жазалау емес, жүйені түзету. Бірақ заң талаптарын елеулі немесе тәуекелге көз жұму деректері қайталанса, шешім де қатаң болады.

Аймағымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы

саясат нақты нәтижеге бағытталған жұмысқа айналуы тиіс. Аталған міндетті жүзеге асыруда әрқайсысының жеке жауапкершілігін бар. Бір ай мерзімі ішінде сатып алулардың басым бөлігі өтетін тәсілдерді талдап, орталықтандыруды кезек-кезеңімен ұлғайту жөнінде нақты ұсыныстар енгізіңіздер. Барлық басқарма, қала, аудан әкімдері, мемлекеттік сатып алуы өткізгенде жеке жауапкершілікті күшейтіп, тәуекелді келісімшарттарға ішкі бақылауды қамтамасыз етіңіздер. Бұл жұмыс жүйелі жүргізілуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Комиссия отырысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов баяндама жасады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// КЕҢЕС

ТҰРҒЫНДАР мен ТУРИСТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫ

Кеше ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өңір әкімдерімен кеңес өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» бағдарламасының іске асырылуы, туристік дестинацияларды дамыту, мемлекеттік орман қорына 2 млрд ағаш отырғызу, экопарктер құру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Президент бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бюджет қаражатынан бөлек, демеушілер есебінен демалыс, ойын-спорт алаңдары жаңартылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөндеуден өтуде. Соңғы жылда-

Жанақорған ауданында қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, жабдықтары жеткізілді. Сырдария ауданында облыстық бюджет есебінен 475 млн теңгеге сұрыптау кешені бар қалдықтар полигоны салынып, пайдалануға берілді.

Аймаққа өткен жылы 212278 турист келіп, көрсеткіш 25,4 пайызға өскен. Қызмет көрсету көлемі 3 млрд 288 млн теңгеге, яғни 42,8 пайызға артты. Тұрғындар мен туристерге қолайлы жағдай жасау үшін ауқымды жұмыс атқарылуда.

Қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен «Қорқыт ата әуежайында» туристерге арналған виртуалды карта әзірленіп, QR-кодтар орнатыл-

ды. Экскурсияға келушілерге жаңадан салынған, тарихи мәліметтермен толықтырылған заманауи музей қызмет көрсетеді.

Өңірдегі демалыс паркітері жаңартылып, туристерге қолайлы әрі қауіпсіз болуы үшін барлық жағдай жасалды. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында адам көп шоғырланатын орындарға 102 және SOS батырмаларының 15 құрылғысы орнатылды.

Туристік инфрақұрылымды дамыту аясында халықаралық деңгейдегі бежәзділдік қонақүйі, IBIS Quzylorda және Pana қонақүйлері бой көтеріп, аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕГЕ БАТЫЛ ҚАДАМ



Қазір жүгері алқабының 10 шақырым жері қоршалған. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 28 шақырымды құрайтын канал қазылуда. Жобаны іске асыруға бірнеше қосалқы мердігер, 300 жұмысшы тартылған. 200-ге жуық техника бар.

Біздің серіктестік германиялық 4 «CLASS» тракторын, сонымен бірге «PI-GER» тұқым себу кәсіпорнының техникасы және жүгеріге арналған қатар аралық культиваторлар, өздігінен жүретін дәрі шашқыш техникалар сатып алған. Сондай-ақ биыл жобаның

1-бет



бірінші кезеңі бойынша егінді егу, күтіп-баптауға тұрақты 100 жұмыс орын құруды жоспарлап отыр, – дейді «АА Агро Кзылорда» ЖШС директорының орынбасары, бас агроном Ғалымжан Ізтілеуов.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыста егінді әртараптыңдыру, суды аз қажет ететін дақылдарға көшу және су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Сондай-ақ Президент Жолдауында Үкімет пен өңір басшыларына инвестиция тарту және бизнес жүргізу үшін

қолайлы жағдайлар жасау бойынша нақты міндет қойғаны белгілі. Осының аясында Сыр өңірінде экономиканы әртараптыңдыру бағытында бірқатар ірі инвестициялық жоба іске асуда. Мысалы, облыс орталығындағы «Ауна Glass» ЖШС жылдына 720 мың шаршы метр айна өндіреді. Өнімдері өзімізден бөлек, Алматы, Шымкент, Тараз, Түркістан, Қокшетау, Ақтау, Жанаөзен және Қарағанды қаласына жеткізілуде. Кәсіпорында 55 тұрақты жұмыс орыны ашылған. Сондай-ақ құны 1 млрд теңге болатын «Вега Пром» ЖШС газоблок өндіру зауыты биыл іске қосылады. Қазір қажетті жабдықтар шетелден жеткізіліп, құрылыс-монтаж жұмыстары қарқын алған. Ал оңтүстіккореялық «With You E&C» компаниясының қатысуымен жүзеге асып жатқан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кәсіпорны іске қосылса, мұнда сұрыпталған қалдық басқа өндіріске шикізат көзі ретінде пайдаланылмақ. Аталған зауыт пластикалық бұйымдар, қағаз және картон, алюминий өнімдерін өндіретін болады.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// АУДАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ТҮНГІ РЕЙД

Қызылорда. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жасөспірімдер арасындағы құқық-бұзушылықтың алдын алу үшін қалада түнгі рейдтік іс-шара ұйымдастырылды.

Рейд барысында ойын-сауық орындары мен көшелер тексеріліп, нәтижесінде түнгі уақытта заңды өкілісіз жүрген 15 жасөспірім анықталды. Оларға және ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Арал. Айналың таза әрі ұқыпты болуы, қоғамдық орындарды қоқыстан арыту мақсатында ауданда апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылып келеді.

Аудан әкімі Аманжол Онғарбаев қала аумағында жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарымен танысып, әр аймақтағы сектор менгерушілері мен жауапты тұлғаларға қаланың санитарлық жағдайын жақсарту бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

СУ ТОРАБЫНЫҢ ЖҮМЫСЫН КӨРДІ

Қазалы. Ауданға Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейітбек Нұрымбетов, «Қаз-сушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев, сондай-ақ «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов жұмыс сапарымен келді.

Арнайы делегация аудан әкімі Алмасбек Есмахановпен бірге Ә.Тыны-

бас атындағы «Қазалы» су торабына барып, Сырдария өзеніне келіп жатқан суды тиімді пайдалану, оны реттеу және ауыл шаруашылығы саласына бағыттау мәселелерін талқылады.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қармақшы. Аудан әкімінің орынбасары Диас Асылбекұлының төрағалығымен мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Жиында мемлекеттік мекемелерде рәміздердің қолданылуы барысында анықталған кемшіліктер қаралды. Бекітілген күн тәртібіне сәйкес аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Нұржан Шапидің есебі тыңдалып, мәселелер жан-жақты талқыланды.

БОС ЖҮМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӨРМЕҢКЕСІ

Жалағаш. «Руханият орталығында» бос жұмыс орындарының жөрмеңкесі өтті.

Жұмыссыздықты азайту мақсатында өткен жәрмеңкеде 14 жұмыс беруші 100-ден астам бос жұмыс орын, оның ішінде «Харвест Агро» компаниясы 87 тұрақты және маусымдық жұмыс орын ұсынды. 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

2100 ТҮП КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Сырдария. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында тал егілді. Игі шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, мекеме қызметкерлері, ерікті

жастар және аудан тұрғындары белсенді қатысты.

Шара барысында аудан аумағында 2100 түп көшет отырғызылды.

СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Шіелі. Ауданда биыл су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары жүйелі жүзеге асырылып, ауыл шаруашылығы саласында оң нәтижелер байқалуда.

Атап айтқанда, «Таң LTD» және «Центр Семеновоства» серіктестіктері 2000 гектар алқапқа жүгері дақылын тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісімен егін отыр. Аталған технологиялар суды тікелей өсімдік тамырына жеткізіп, оның ысырабын азайтады, булануды төмендетеді және өнімділікті айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жанақорған. Аудан әкімінің орынбасары Бектас Нұридиновтің төрағалығымен көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны бойынша жиналыс өтті.

Онда аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге, кент, ауылдық округ әкімдеріне және аудандық полиция бөліміне азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру тапсырылды.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

СӘУЛЕТІНЕ СӘН ҚОСҚАН ҚЫЗЫЛОРДА

Алдағы уақытта қалған ағаш көшеттері қала орталығы мен парктарға отырғызылып, көркейе түседі. Қазір газон Рәмізбаев алаңы, Тағзым алаңы және Назарбаев даңғылы бойына егіліп жатыр. Сондай-ақ газон шықпай қалған аумаққа тұқым қайта себіледі. Бұдан бөлек, гүл егу қарқын алады. Атап айтқанда, облыс әкімдігі, «Сыр ана» монументі, Назарбаев даңғылы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, қала әкімдігі, Ы.Жақаев көшесі, Сырдария өзенінің сол жағалауы, Абылайхан даңғылы, «Тағзым» алаңы, орталық алаң, ескерткіштер, аллеялар мен саябақтарға, басты көшелерге гүлді сан түрі егіледі. Қазір жер дайындалып, қосытылуда. Былтыр да

1-бет

осы аумақтарға 5 түрлі 290 мың түп рүшан гүлі егілген. Күзге дейін қосымша тағы отырғызылған. Биыл да бұл жеке артығымен орындалмақ.

Табиғатпен тіл табысып, етене жұмыс істеп жүрген еңбеккер жан-дардың арқасында жасыл желек жайқалып тұр. Қоғалдандыру көптің ісі екенін дәлелдеп жүрген азаматтың бірі – мекеменің агрономы Файзолла Смағұлов. Ол ағаш егудің өзіндік тәсілі бар екенін айтады. Бұл салада жүргеніне 30 жыл болатын. Тәжірибелі маман тал егіп, күтіп-баптаудың қыр-сырына әбден қаныққан.

– Жылда қала аумағына жана көшеттер отырғызылады. Қолдан келгенше күтім жасаймыз. Ең алдымен көшет отырғызылатын жерді дұрыс

таңдау маңызды. Желден ық болатын, күннің көзі түзу түсетін жер таңдалғаннан кейін шұқыр қазылады. Тереңдігі 70 сантиметрден кем болмауы тиіс. Шеңбері 60 сантиметр болса жеткілікті. Егілетін ағаштың тамырын ылғалдандырып қою керек. Тамырын тал қиятын қайшымен кесіп, шұңқырға салғанда майыспайтындай етеміз. Көшеттің арақашықтығы 2,5-3 метр, ал, алма, өрік жеміс ағаштарының арасы 4-6 метрге дейін қашық орналасады. Ағаштың түбіне табиғи ки салынып, мойнына дейін су құйылады. Осылайша әр егілген көшетті жас баладай баптаймыз. Екі-үш күнде, әр түпке 30 литр суды мөлшерлеп құйып отырамыз. Жаз айларында күніне екі мезгіл, яғни таңертең және кешке суарылады, – дейді агроном.

Маманның айтуынша, Сыр өңірінің климатына сәндік үшін терек, қаталпа, үйеңкі, айлант, қарағаш, Сыр талы бейім. Ал, жеміс ағашынан өрік, шие, алма, жүзім, оңтүстік аудандар үшін шабдалы, алмұрт егу қолайлы. Аралдың шалғай құмды ауылдарына сексеуіл егіледі. Сексеуіл құмды тоқтатағын қасиетке ие. Сол себепті арнайы бағдарлама аясында мұнда жыл сайын жүздеген түп сексеуіл отырғызылып, тұқымбақтар салынууда.

Жақында Қызылордада «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Мөңдір бұлақ» атты ауқымды экологиялық акция өтті. Бұл қатар мен жағалау аумақтары тазартылып, оған 16000 адам қатысты. Нәтижесінде 425 тоннадан астам тұрмыстық қалдық

шығарылды. Акцияға 140-тан астам арнайы техника жұмылдырылып, жұмыс сапалы жүргізілді. Өңірдің барлық ауданында Сырдария өзенінің жағалауы, Арал ауданындағы «Ақкөкөз», Жанақорғандағы «Қайнар-бұлақ» табиғи су көздері тазартылып, маңы абаттандырылды.

Жалпы аймақта «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс атқарылуда. Жалпыхалықтық сенбіліктер өткізіліп, қаланың келбетін көріктендіруге үлес қосуда.

Сырт көз Сыр өңірінде ағаш пен жасыл желек егу қиын деп есептейді. Алайда бұл ұғым өзгергені қашан.

Қазір қала адам танымастай кейіпке енген. Көшелер жасыл желекке оранып, жан-жағы гүлге толған. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, жасыл желектің бабын жасаған бағбандар еңбегі мақтауға тұрарлық. «КасСтройКапитал ЛТД Қызылорда» мекемесінің қызметкерлері күні-түні тынбай еңбек етеді. Олар күндіз ағаш, гүл егіп баптаса, ымырт үйірле суару жүйесін іске қосып, қалағалауға кіріседі.

Айналаның гүлденіп, жайқалып тұрғаны – маңдай тердің, еңбектің жемісі. Сондықтан көшенің сәнін бұзбауға атсалысайық. Әр тұрғын ауласына ағаш, гүл егіп жайқалтып отырса, жапа емес пе?!

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// МЕРЕЙ

МӘЖІЛІСМ ЕН МҮРАТ НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТШІЛ МІНЕЗ ИЕСІ

Жылдар тек уақыт өлшемі ғана емес, ол – тәжірибе, сабақ, шыңдалу мен толғасудың жарқын жарығы. Сынбаптай сырғыған сол уақыттың әрбір өткенінде белгілі бір бұлартап баспапдақтар болады. Мысалы, Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың аяқ басқан алпысыншы көктемгі жай ғана мерейлі жас мөжесі емес, бұл – азаматтың кемеліне келіп, көргені мен түйгені таразыға түсетін, өткен жолына байыппен көз жүгіртіп, болашаққа нық қадам жасайтын жаймашауақ кезеңі дер өдім. Тіпті «Көктем гүлдің бағын ашады, басың елдің бағын ашады» дейтін халық даналығы да кейіпкерімнің көркем келбетін кескіндейтін секілді. Өйткені кіндігі көктемде кесіліп, көктеммен көкөп-көгөріп, көктемде кемелдікке келген кісінің көңілі де көктемге ұқсайды. Жан-жағын жаңғыртады, төңірегін тамашаға төлігіп, жаңаша түлетеді, көптің жүгін көтеріп, өлмен бірге есейеді. Ол – туған жердің патриот перзенті, ел мен жер тағдыры үшін үнемі бүйрегі бүлкілдеп, бауыры езіліп тұрады. Керек десеңіз, елдің әрбір адамына деген нәзік сыйластық пен суымайтын сүйіспеншілік сезімі оның жүрегінде тулап жатады.



Жалпы, уақыт үстемдігі – адам ғұмырының ең әділ төрешісі ғой. Ол ешкімге аялдамайды, ешкімді күтпейді. Бірақ сол тынымсыз ағыс ішінде әр адамның жүріп өткен жолы, қалдырған ізі, атқарған ісі арқылы өмірінің мәні мен салмағы айқындала береді. Осы ретте заңға жазушы Әбіш Келдібаев айтқан: «Жақсының ұлықтамауы, жайсаңның қызықтамауы – өз ырысын өзі теппендік, өз тілеуін өзі кескендік болар еді» деген тағылымды ой еріксіз еске түседі. Себебі әрбір сұңғала сөздің астарынан атпал азаматтың ажарын, бейнесін анағұрау болады. Сол негізді алға тартып, біз Мұрат Ерғешбаевты қайраткерлік болмыс-бітімімен баия етуге бекіндік.

Асылы, зерделеп, байыппен ой елегінен өткізсем, Мұрат Нәлқожаұлымен арадағы сыйластық отыз жылға жуық уақытты қамтыпты. Уақыттың жылдамдығы білінбегенімен, сол жылдардың әр белесі жадыма айқын сақталған.

Алғашқы жүзлесуіміз – тоқсаныншы жылдардың орта тұсы-тұғын. Білім беру саласында үш жыл жұмыс жасаған соң мемлекеттік қызметке енді жана қадам басып, Қызылорда қаласы әкімдігінде қатардағы маман ретінде еңбек жолымды жалғастырып жүрген шағым еді. Ал сол кезеңге дейін Мұрат Нәлқожаұлы ауыл шаруашылығы саласында экономист, банк саласы құрылымдарында, оның ішінде Халық банкінің облыстық филиалының директоры қызметтерінде басқарушылық баспалдақтарынан өтіп, облыс әкімі орынбасарының, бүгінде «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері Қамбарбек Әжібековтің кеңесшісі қызметін атқарғаны. Сол бір сәттен-ақ Мұрат Нәлқожаұлының бекзат болмысы мен іске мығым, орынқты мінезі ерекше әсер қалдырды. Іскерлігіне ішім жылып, қабілетіне қызға қарадым. Сөйтіп сыртай сүйсініп жүрдім.

Уақыт өте келе осы алғашқы әсер кездесок сезім емес, оның табиғи тұлғасының көрінісі екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Оның жаратылысынан жанартаудай талпыныстың, әдеп пен мәдениеттің, сабыр мен салмақтың үйлесімі айқын аңғарылатын. Қарапайымдылық пен елжандылық санасына сынадай қарғалған қазық қасиеттер екеніне көз жеткіздік. Әу баста, аудан басшысы болған әкесінің ақылын алып, алғашқы қызмет сатысын ауылдан бастаған жігіттің бұл беталысы бекер болмағанын білдім. Өйткені ауылдың тәлімі бөлек, тұлға бойта темірқазықтай бекітінсі бар.

Не керек, осылайша басталған тиыстық уақыт өте келе байламы берік байланысқа ұласты.

Екі мыңыншы жылдардың басында тағдыр бізді қайта тоғыстырды. Ол облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы басыншының орынбасары қызметінде болса, мен облыстық мәдениет басқармасы басыншының орынбасары едім. Бұл кезеңдегі кәсіби араласымыз біртіндеп қызметтік қарым-қатынастан асып, адами сыйластық пен өзара сенімге негізделген әріптестікке айналды.

Аунап айлар, жылжып жылдар өтіп жаты. Әуелі әріптестік енді сенімді серікке, тамыры терең достыққа ұласты. Мұрат Нәлқожаұлы ер жылдары Қызылорда қалалық қаржы бөлімінің бастығы, «Өрт сөндірүүші» акционерлік қоғамының вице-президенті қызметтерінде тәжірибе жинақтап, шыңдалу мектебінен өтті. Ол 2008 жылы Қызылорда қаласының әкімі қызметіне тағайындалып, шаһардың сансалалы тыныс-тіршілігіне араласқан шақта, оның басқарушылық болмысын жаңа қырынан танауға мүмкіндік туғды.

Өртүрлі деңгейдегі жауапты қызметтерде жүріп, оның негізгі ұстанымы өзгермегені байқалды. Қандай жағдайда болмасын сабыр сақтап, істі жүйелі түрде шешуге ұмтылып, әр әрекетінің түп төркінінде «елге пайдам тисе» деген ішкі қағида жататын.

Осы мінезі оның Қызылорда қаласының және бірнеше ауданның әкімі қызметін атқарғанында да айқын көрінді. Мұрат Нәлқожаұлы әсіресе, Қызылорда қаласының әкімі қызметінде жаңашыл істерімен танылды. Сыр өңірінің бас шарының инфрақұрылымын дамыту мен оның тұрғыны тіршілігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Оның бастамасымен жол-көлік, энерге-

тика, сумен және газбен қамту салалары жаңғыртылып, бірқатар көшелер күрделі жөнделу етті, нәтижесінде тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейі артты.

Қызылорда қаласындағы жылу-электр орталығы мазуттан газға ауыстырылып, екі қазандығы толық қайта жаңғыртудан өткізілді. Ескі uezжайдың бұрынғы ұшу-қону алаңы қайта жөнделіп, Астана даңғылына айналды. Облыс орталығының кәріз жүйесі күрделі жөнделу етті. Сонымен қатар, қаланың тазалығы және өңірлік бағдарламалардың орындалуын үйлестіріп, өңірдің орталығы өмірінің маңызды салаларына тиімді басқару жүргізді. Осы кезеңде жана тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынып, қаланың әуелеттік келбеті ажарланып, шағын және орта бизнестің дамуы да серпін алды.

Одан әрі, Қармақшы, Шиелі, Қазалы, Сырдария аудандарын басқарған жылдары ол тек әкім ретінде емес, нақты нәтижеге жұмыс істейтін кәсіби ұйымдастырушы ретінде танылды. Осы кезеңде бұл аудандарда ауқымды жұмыстар атқарылып, өңір халқының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған нақты жобалар жүзеге асты. Елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлап, ортақ мүдде орайында озық дәстүрді қалыптастырды. Мұндай ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі ұшпақсан білікті басынның квазимемлекеттік сектор мен мемлекеттік қызметтің барлық сатыларынан өткен мол тәжірибесі, кез келген істі жүйелі үйлестіре білетін кәсібилігі, тегеурінді табандылығы мен жоғары жауапкершілігі шешуші рөл атқарды. Бұл жөнінде аудандардың халқы оның береке үшін білеті тұрып, санасы сергек, қабілеті қарымды екенін терең танып, әлеуметтік мәселелерді шешуге шынайы кірісетін құрескерлік айбының әлі күнге дейін зор ықпалы, құрметпен еске алады. Әсіресе әлеуметтік саладағы шешімдері мен бастамалары уақыт сынынан өтіп, халық жағында жатталып қалды.

Бұған қоса, облыстық қаржы, жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басыншы ретіндегі қызметтері оның жауапкершілік пен тиынақтылыққа негізделген кәсіби ұстанымын тағы бір мәрте айқындап берді. Расында, Мұрат Ерғешбаев – сөзбен емес, іспен сөйлейтін адамдардың қатарынан. Сондықтан да ол қай қызметте жүрсе де, нәтижеге жұмыс істеуді басты қағида етеді. Баянды бірлік пен байсалды тірлік мақсатын меже тұтады.

Бүгінде тағдыр бізді заң шығару саласында тоғыстырды. Мен – Сенатта, ол – Мәжілісте. Бұл да өмірдің өзіндік заңдылығы секілді. Бірақ бір нәрсе анық, Ол Мәжіліске кездесіскен келген жоқ. Ол – халықтың ортасынан шыққан, өмір мектебінен өткен, тәжірибесі толысқан мемлекетшіл тұлға ретінде келді. «Адамға ең қымбат нәрсе – жұрттың қамы, жұрттың ісі» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Мұрат Нәлқожаұлы Парламент мінберінен өзекті мәселелерді батыл көтергені білікті депутат ретінде танылып жүр. Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы ретінде республикалық бюджетті қабылдау процесіне де белсенді атсалысады. Экономика, су ресурстары, жер қатынастары секілді күрделі тақырыптарды жүйелі түрде қозғап келеді. Әсіресе үн экспорты, су саясаты, Арал мәселесі, жер дауы сияқты түйткілге қатысты нақты ұсыныстар айтуы – оның мемлекетшіл көзқарасының айғағы. Ол көтерген мәселелер – жай статистика емес, халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды бағыттар.

Оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен факторлар да ерекше. Біріншісі – отбасы тәрбиесі, әке тағылымы. Мұрат Нәлқожаұлы – мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ерғешбаевтың перзенті. Әке өнегесі – оның өмірлік бағдаршамы болды. Бірақ бұл жағдай оның жолын жеңілдеткен жоқ. Керісінше, әке оны өмірдің шынайы мектебінен, елдік дәстүрдің айнымас жолынан өткізді. Алматы халық шаруашылығы институтында оқыған жылдары ол қатарластары секілді жатақханада тұрып, өмірдің қарапайым тіршілігін бастан өткерді. Бұл – оның өз күшімен өмір сүруге үйренуіне, еңбектің қадірін түсінуіне жол ашты. Әскер қатарындағы 2 жылдық борышын шекара күзеті қызметінде өтеуі де оның өмірдегі маңызды кезең болды. Әскери

тәртіп пен жауапкершілік оның мінезін шыңдады. Кеңестік кезеңдегі беделді оқу орны саналатын Алматы халық шаруашылығы институтын тамамап, елге оралған тұста да әкенің ұстанымы өзгерген жоқ. «Алдымен ауылға бар» деген бір ауыз сөздің астарында терең мән жатты. Осылайша Мұрат Нәлқожаұлы Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы совхозда қарапайым экономист-маман ретінде еңбек жолын бастады. Бұл кезең – оның елмен етене араласып, қарапайым халықтың тыныс-тіршілігін тереңінен таныған, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан шақ болды. Әкенің осындай өмірлік мектебі жас маманды шыңдап қана қойған жоқ, оны халықтың мұңын түсінетін, жауапкершілікті терең сезінетін азамат етіп қалыптастырды. Қай қызмет жүктелсе де, оны мүддірей, мінсіз атқаруы – сол тәрбиенің жемісі.

Екіншіден, алдыңғы аға буынның жанапшыр қамқорлығы оның бөсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті. Осы тұрғыда оның өмірінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбөкұлы Сапарбаев айрықша орын алады.

Ел тәуелсіздігі кезеңінде саяси сахнаға шыққан ұлттық кадрлардың алғашқы легінің көрнекті өкілі Бердібек Машбөкұлы Сапарбаев Мұрат Ерғешбаевтың мемлекеттік қызметке келуіне ықпал еткен, бағыт-бағдар берген ұстазының бірі әрі бірегейі болды. Оның сенімі мен қолдауы жас маманның үлкен саясатқа қадам басыуына жол ашты. Бұл – тәлім мен сенімнің, тәжірибе мен мүмкіндіктің үйлескен тұсы еді.

Ол өзіннің естелік макаласында: «Менің Бердібек Машбөкұлымен таныстығым 1996 жылдан басталады. Сол жылы ол Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалып, аймақ дамуына тын серпін әкелді. Іскер басынның бастамаларымен өңірде қарқынды өзгерістер жүріп, жаңа басқару қарқыны қалыптаса бастады. Көп ұзамай ол біздің шаңыраққа арнайы келіп, әкеммен жүздесті. Әңгіме барысында өңірдің болашағы, алдағы жоспарлар кеңінен қозғалып, кейін жемді түрлі қоғамдық-саяси, рухани-мәдени іс-шараларға тартып отырды. Осы арқылы ол елге еңбегі сіңген азаматтарды назардан тыс қалдырмайтын, тәжірибені бағалай білетін тұлға екенін аңғартты. Бір күні әкем мені онаша шақырып, мемлекеттік қызметке ауысу туралы байыпты кенес берді. Бір түсінгенім, әкем мені мемлекеттік қызметке ауысуым бойынша Бердібек Машбөкұлымен ақыл-дасқан екен. Осылайша мен облыс әкімдігіне қызметке келіп, жана талап пен жоғары жауапкершілікке толы ортаға түстім. Бұл – мен үшін үлкен мектеп болды. Ал сол таңдауға себепкер болған Бердібек Машбөкұлының сенімі мен бағыт-бағдары өмірлік жолыма елеулі әсер еткенін ерекше атап өткізіп қойғым деп еске алады. Сөйтіп, мемлекеттік қызметке келіп – Қызылорда облысы әкімі орынбасарының кеңесшісі лауазымын атқарды. Кейін қызмет еткен қаржы, әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар, жергілікті басқару, ұлттық экономика саласында – осының бәрінде оның жан-жақты тәжірибесі қалыптасты. Ол әрбір маңызды саланы ерекшелігін терең меңгеріп, оны ел игілігіне тиімді пайдалана білді. Мұрат Ерғешбаевтың басты қасиетінің бірі – кішіпейілділік пен қарапайымдылық. Ол ешқашан өзін шыққан тегін алға тартпайды. Керісінше, «халықтың баласы болуы» әдебін ұстанады. Сондықтан да ол қай ортада жүрсе де, елден кіндік үзген емес. Бүгінде ол – тек Парламент Мәжілісінің депутаты ғана емес, ел ағасы, мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне көтерілген тұлға. Көптің сөзін тыңдай алатын, қажет жерде төрелік айта білетін, жауапкершілікті терең сезінетін азамат. Осындай өмір жолынан өткен Мұрат Ерғешбаев үшін басты мұрат – жеке мансап емес, елге қызмет ету. Оның өмірлік философиясы да осыған саяды. Оның есіміне «мұрат» сөзі бекер тіркелмегендей. Өйткені оның бар болмысы – асыл мұратқа қызмет етудің айқын көрінісі.

Руслан РҮСТЕМОВ, КР Парламенті Сенатының депутаты

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТҚАН АЛАҢ

Үндістан Республикасында 24 наурыз бен 2 сәуір аралығында Үндістан – Орталық Азия жастарының IV форумы өтіп, халықаралық ынтымақтастықты нығайтатын маңызды алаң айналды. Аталған жиынға Қазақстан атынан қатысқан делегаттардың қатарында Қызылорда облысының тумасы, жас ғалым Әли Асқар да бар.

Бұл форумға еліміздің әр өңірінен іріктеліп алынған, қоғамдық ойы қалыптасқан, ғылым мен әлеуметтік салада өзіндік бағыты бар 30 жасқа дейінгі 20 адам қатысты. Олар Орталық Азия елдері мен Үндістан арасындағы жастар дипломатиясын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған бастамаларға үн қосты.



Халықаралық форумның басты мақсаты – өңірлік ынтымақтастықты тереңдету, жастар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайту, сондай-ақ ортақ даму бағыттары бойынша тәжірибе алмасу. Қазақстан мен Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан мемлекеттерінің белсенді жастары қатысып, өзара пікір алмасты.

Форум бағдарламасы мазмұнды кездесулерге толы болды. Делегаттар әлемдік қаржы жүйесінің маңызды институттарының бірі – Bombay Stock Exchange пен ғылым мен технология саласындағы алдыңғы қатарлы білім ордаларының бірі – Indian Institute of Technology Bombay қызметімен танысып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, Үндістан Республикасының Жастар ісі және спорт министрлігі, Сыртқы істер министрлігінің өкілдерімен, Махараштра және Гоа штаттарының басылымымен жоғары деңгейдегі кездесулер өткізіп, халықаралық әріптестікті нығайту мәселелерін талқылады.

Әли Асқар – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Физика педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша магистратура түлегі. Қазір білім беру үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу бағытында ғылыми ізденіс жүргізіп, заманауи білім беру кеңістігінің жаңа мүмкіндіктерін зерделеуде. Жас зерттеушінің бұл бағыттағы еңбектері отандық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға және инновациялық дамуына серпін беруге бағытталған.

Сыр өңірінен шыққан жас ғалымның халықаралық деңгейдегі осындай беделді алаңда ел атынан сөз сөйлеуі – отандық ғылым мен білім саласының әлеуетін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Бұл, өз кезегінде, қазақстандық жастардың жаһандық диалогтағы белсенді ролін айғақтайды.

– Форум жаһандану дәуірінде жастардың ролі мен жауапкершілігін жаңаша пайымдауға мүмкіндік берген мазмұнды алаң болды. Әр

елден келген қатысушылардың, сондай-ақ үндістандық ғалымдар мен дипломаттардың көзқарасы мен тәжірибесі ортақ мәселелерді кең ауқымда зерделеуге көмек ашып, өзара түсіністікті жаңа деңгейге қалыптастырудың маңызын айқындай түсті.

Мен үшін бұл сапар тек тәжірибе алмасу ғана емес, сонымен бірге өзін айналысып жүрген білім беру саласындағы зерттеулерді халықаралық деңгейде саралап, олардың даму перспективасына жаңаша көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу мәселесінде түрлі елдердің ұстанымдарын салыстыру тың ғылыми тұжырымдар жасауға негіз қалады.

Осындай кездесулер жастардың зияткерлік әлеуетін арттырып қана қоймай, елдер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты тереңдетуге қызмет етеді. Бұл – тек бүгінгі диалог емес, болашақтағы бірлескен дамудың берік іргетасы деп есептейтін, – дейді ол.

«СБ» ақпарат

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 12 мамыры күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, М.Шаменов №74 мекенжайында, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» АҚ «Арысқұм» кент орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар) Жол берілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, Рұқсат етілетін тоңиділер нормативтері (НДС) жобасы, Қалықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қорғанған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттары 46.4261 с.ш.; 64.6882 в.д. Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік) - 46.4261 с. ш.; 64.6882 в. д.

Zoomконференция: https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjBDbWpXcHhRbHlY962uEJAJlLLBcv60.1&omn=82992980821

Конференция идентификаторы: 679 067 4661. Кіру коды: 76ерза.

Біріншай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтемесі: <https://ndbecology.gov.kz> және жақ веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/>

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану департаментінің бөлімі, Көрнекті қаржыгерлер қауымының қарамағындағы облыстық басқару басқармасы, Байбөріс Султанның кенті, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар біріншай экологиялық порталында, сондай-ақ kazinchepoeroekt@mail.ru электрондық поштада қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме біріншай экологиялық порталда және <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz> сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» АҚ БСН 940540000210. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13.

Жоба құрастырушы: «Казинжэропект» ЖШС, БСН 250840016005. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Бегін ана көшесі, №12/33. Тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinchepoeroekt@mail.ru.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» в соответствии с требованиями статьи 96 экологического кодекса Республики Казахстан, сообщает, что 12 мая 2026 года в 10:00 по адресу: Кызылорднская область, Жалағашский район, пос.Жалағаш, ул.М.Шаменов №74, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Арысқұм» АО «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсіз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДС), проект нормативов допустимых сбросов (НДС), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды, РООС).

Географические координаты территории воздействия - 46.4261 с.ш.; 64.6882 в.д. Географические координаты участка (долгота и широта) - 46.4261 с.ш.; 64.6882 в.д.

Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjBDbWpXcHhRbHlY962uEJAJlLLBcv60.1&omn=82992980821>

Идентификатор конференции: 679 067 4661. Код доступа: 76ерза.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz> и сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/> Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылорднской области: prd@korda.gov.kz, г. Кызылорда, ул.Ибраһимов Султанның кенті, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: kazinchepoeroekt@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантинных, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz>.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсіз» БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Казыбек Би, 13.

Разработчик: ТОО «Казинжэропект» БИН 250840016005. Юридический адрес: РК., г. Кызылорда, ул. Бегин Ана, д. 12, офис 33, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinchepoeroekt@mail.ru.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мұрат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2026 жылдың 24 ақпанында қайтыс болған азамат Қонырбаев Абдібек Шаңкөбеевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көнербаев көшесі 203, тел.: 8-778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

«Сыр бойы», «Қызылордские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Арал аудандық «Толқын» газетінің бұрынғы бас редакторы Шымкентбай Жылмағамбетовтің қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӨРМЕ

ҚОРЫҚ – ҚҰСТАР МЕКЕНІ



«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде Халықаралық Құстар күніне орай жас суретшілердің шығармашылық жұмыстарының көрмесі өтті.

Шығармашылық кездесуді Art studio Safi студиясы мен облыстық «Қызылординские вести» газеті бірлесіп ұйымдастырды.

Халықаралық Құстар күні жыл сайын 1 сәуірде аталып өтеді. Басты мақсаты – құстардың алуан түрлілігін сақтау, олардың тіршілігіне төнген қауіптерге қоғам назарын аудару және табиғатты қорғау мәдениетін насихаттау.

Көрмеде Art studio Safi студиясының 6 мен 17 жас аралығындағы 38 шәкірті қатысты. Жас суретшілер өз туындыларында түрлі құстарды бейнелеген.

«Барсақалмес» мемлекеттік табиғи қорығының бас экологиялық

ағарту инженері Алма Есенова мен Art studio Safi студиясының жетекшісі Гүлзат Жұржабаева құстардың табиғаттағы маңызды рөліне тоқталып, олардың жәндіктер мен кеміргіштердің санын реттеуде, өсімдік тұқымдарын таратуда, гүлдерді тозаңдандыруда және қоршаған ортаны тазартуда ерекше маңызға ие екенін атап өтті.


Табиғи қорықта 250-ге жуық құс түрі бар. Оның 33-і Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген ерекше қорғалатын қатарына жатады.

Іс-шарада белсенділік танытқан жас суретшілерге ұйымдастырушылардың Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табысталды.

Қонақтарға «Сыр медиа» серіктестігінің жұмысы, редакциялар мен баспаханна қызметі таныстырылды.

«СБ» ақпарат

Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де – бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан! – деп, әсемпаз ұлтының рухани тағдырына тебіренген, «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп, өкінішімен үлгі болған кемеңгер Абай атамның әлеміне тағы бір сүңгіп шықтым.



Жалың елім, қазағым, қаиран жұртым..

Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша, 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Риза медреседе, жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған.

Еңбек, терен ой, қанағат, рақым ойлап қой» деп, тағы да бес саусағын санап тұрып, «бес асылға асық бол» деді. Асықтық па, жоқ, өкінішке орай, сол баяғы жартастың үстіндеміз. Сондай-ақ Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. Арзан, жалған күлмейтін, шын күлдерлік Ер табылса жарайды, қылса сұхбат – деп, нәсібіне ерген жастардың көңілімен сұхбат құрып, жүректеріне жол салады деп.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма – деп, жар таңдаудан қателеспеуге шақырды. Бұл өсиетін бүгінгі жастардан бұрын, қазіргі үлкендеріміз тыңдау ма екен?

«Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұғайды, өнер жұтпайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазактың аулиесі сол» дегені де бар. Бірақ біз пандемиядан кейін ес жидық, енді-енді үйреніп, кірісіп жатырмыз.

Етінің ебін, Сауданың тегін Үйреніп, ойлап, мал ізде. Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап, Қуансаң қуан сол кезде – деп, еңбектенуге шақырса, Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақпал.

Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіне сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап – деп, ақылың үндейді. Бірақ әлі күнге ақылың ақыл қоспай жарты жолдамыз.

Енді бір сөзінде ақыл, жүрек, қайратты бір-бірімен айтыстырып, ғылымға жүгіндіріп, сонында жақсылық жаманды тұстарын айта келе, «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге суреткерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы деп» жүректің жағына шығады, неге? Бір оқиғаны, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өмірлерін оқыңыздар. Екі өмір де тұнып тұрған дүниетаным, иман, сенім, өнеге, ұлағат, тәлім, тәрбие. Руханиятына танырқап, тағдырларына танданасыңдар.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кіно қойма! – деген бір түйір данышпандық бізден нені көргісі келді? Өлең, қара сөздерінде айтылған қасиеттердің бүгінде қаншасы бойымызда бар? Мысалы, ес білгендерге:

Және хақ жолы осы деп әділетті – деп басталатын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі үш сүю яғни «Алланы, адамзатты, әділетті сүй» деген иманымен жүрейік, ағайын.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кіно қойма! – деген бір түйір данышпандық бізден нені көргісі келді? Өлең, қара сөздерінде айтылған қасиеттердің бүгінде қаншасы бойымызда бар? Мысалы, ес білгендерге: Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланпай шаптанба. Құмар болса құлға – деп, оқу-білім, ғылымсыз адамның күні қаранғы, рухани дамымайтынын айтып, «бос уақытыңды өткізіп алма» деді. Бізге осы сөзін түсіну қиын ба? Бұл өлеңін 1886 жылы жазыпты, содан бері 140 жыл өттігі, қоғам болып білім мен ғылымға дамыдық па? Оң қолын көтеріп, бес саусағымен санап тұрып «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деп, «осы бес дұшпаннан қашық бол» деді. Біз кері кетіп, дәл осы бесеуді мейлінше 100% орындап жүрміз. Сол қолын көтеріп, «талап,

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кіно қойма! – деген бір түйір данышпандық бізден нені көргісі келді? Өлең, қара сөздерінде айтылған қасиеттердің бүгінде қаншасы бойымызда бар? Мысалы, ес білгендерге: Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланпай шаптанба. Құмар болса құлға – деп, оқу-білім, ғылымсыз адамның күні қаранғы, рухани дамымайтынын айтып, «бос уақытыңды өткізіп алма» деді. Бізге осы сөзін түсіну қиын ба? Бұл өлеңін 1886 жылы жазыпты, содан бері 140 жыл өттігі, қоғам болып білім мен ғылымға дамыдық па? Оң қолын көтеріп, бес саусағымен санап тұрып «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деп, «осы бес дұшпаннан қашық бол» деді. Біз кері кетіп, дәл осы бесеуді мейлінше 100% орындап жүрміз. Сол қолын көтеріп, «талап,

Және хақ жолы осы деп әділетті – деп басталатын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі үш сүю яғни «Алланы, адамзатты, әділетті сүй» деген иманымен жүрейік, ағайын. Нұрлан қажы БАЙЖІПТҮЛЫ. «Бұрысқалды қиямы» мөшітінің бас иямы. Астана

СПОРТ

ТАТАМИ ТАРЛАНДАРЫ

Еліміздің ұлттық құрамасында қызылордалық Еламан Ергалиев, Мағжан Шәмшадин, Абылайхан Жұбаназар және Нұрлыхан Шархан сынды танымал дзюдошылар бар. Олардың барлығы – сан алуан жарыста Қазақстан намысын абыроймен қорғап жүрген жампоздар. Кез келген балуанға мұндай мүмкіндік туа бермейді.



Облыс құрамасының бас бапкері Қален Қалиұлы көп жылдан бері жас балуандарды шыңдап келеді. Қарапайым бапкерліктен бастаған ол – қазір өз саласында мол тәжірибе жинақтаған маман. Дзюдоның қыр-сырына қанық-қысы келген жас өрендерге дұрыс бағдар беріп, олардың әбден ысыған балуан болуына дейін тынбастан тер төгеді.

Абылайхан мен Нұрлыхан 2024 жылы Париж Олимпиадасында ел намысын қорғады. Дүние жүзіннің әр қиырынан келген саяпаткер арасында жерлестеріміз сауатты белдесу өткізуге күш салды. Үздік үштікке табан тірей алмаса да олар дүбірлі доладан үлкен тәжірибе жинақтап қайтты.

Дзюдодан ел біріншілігінің өзі аса тартысты өтіп жүр. Өйткені, қай өңірде де спорттың бұл түріне ерекше көңіл бөлініп отыр. Жарыстың аты жарыс, тіпті кейде тісқакқан балуандардың өзін жығып кететін жас таланттардың талпынысы дзюдоның жаңа дәуірі туғанын көрсетеді.

Әрбір спорт тыйнақ тер төгуді қажет етеді. Алдымен оны жақсы көре білуін тиіс. Еңбеккерлік қасиет ұшпаққа шығарды. Оған қоса табандылық болмаса бәрі бекер. Рас, барлық жетістік бірден келе қоймайды. Бәлкім, оны бірнеше жыл бойы күтуің ғажап емес. Қай іске де шыдамдылық қажет екенін шәкірттеріме түсіндіруге тырысамын. Айта кетейін, қазір ұлттық құрамада жүрген Еламан, Мағжан, Абылайхан, Нұрлыхан сол жолдан өтті. Қаншама жарыста бақ сынап, шеберлігін шыңдап, тәжірибесін молайтты. Кейіннен Еламан көптеген жарыста алдыңғы орыннан көрінді. Мағжан жастар арасында Олем чемпионы атағын жеңіп алды. Ал Абылайхан Азия ойындарында қола иеленсе, ел біріншілігінде жүлделі орыннан көрінді. Нұрлыхан Азия чемпионатында күміс жүлдегер атанды. Осылайша олар ұлттық құрама бапкерлерінің көзіне түсіп, бүгінде дүниежүзілік додаларда ел намысын қорғауға мүмкіндік алды. Бұл еңбек – балуандардың табандылығы. Қазір олардың ізін басып келе жатқан жас өрендерге үнемі осындай қағидалар есте сақтау қажет екенін ескертемін. Ал облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы мен федерация тарапынан лайықты қамқорлық көрсетіліп жүр, – дейді Қален Қалиұлы.

Бапкердің айтуынша, облыстан ұлттық құрамаға негізінен орна тарта балуан қабылданған. Олардың 8-і ерлер, 2-і әйелдер құрамасында бақ сынайды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Қызылордалық балуандардың барлығында 2028 жылғы жазғы Олимпиадаға жолдама алу мүмкіндігі бар.

Әлемде дзюдо жоғары қарқынды дамып келеді. Жапон жұртынан бастау алған спорт түрінен қазір барлық мемлекет жастарды дайындап жүр. Тіпті бұл көптеген спорт түрлеріне қарағанда әлдеқайда алда тұр. Оны халықаралық жарыстарға барған сәтте байқау қиынға соға қоймайды.

Әрине, әрбір қарсыласқа тыңғылықты дайындық керек. Өйтпесе, қапы калуың әбден мүмкін. Ертеректе дзюдо спорты кенже дамыған елдердің өзі қазір талай мықтыларды шығарып жатыр. Мына дерекке көз сала кетсек, мәселен, Олем чемпионатында 144 мемлекеттен балуандар бақ сынайды. Дүние жүзінде «Grand Slam» және гран-при турнирлері өтеді. Қай кезде де бәсекелестік өте жоғары. Соған қарамастан қазақстандық балуандар жүлдесіз қайтқан емес. Олардың қатарында шәкірттеріміз Абылайхан мен Нұрлыханға да болуы қуантады. Әзірге, әлемде Жапония көшбасшылық деңгейінен төмен түсіп көрген жоқ, – дейді тәжірибелі маман бізбен әңгімесінде.

Қазақстандық дзюдошыларды алдағы екі жылда маңызды жарыстар күтіп тұр. Олар әлемдік және құрлықтық біріншіліктерге қатысады. Қыркүйек айында Азия ойындары өтеді. Екі жылдан кейін жазғы Олимпиада. Біздің балуандарды осындай шешуші сындар күтіп тұр.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР МАРАТ АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.